

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 9 наурыздағы № 27 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 9-тармағына сәйкес және 2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларды қадағалап отыру механизмі туралы келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесінің XVII бөліміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"XVII. Тауарларды қадағалап отыру және сәйкестендіру құралдарымен таңбалау жүйелерін ақпараттық қамтамасыз ету";

б) мынадай мазмұндағы 73¹-тармақпен толықтырылсын:

"73 ¹ . Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жатқызылған тауарлар мен осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету	2021 жылғы III тоқсан."
---	-------------------------

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының Төрағасы

М. Мясникович